

Э.Т. Жанысбекова , А.Ш. Кеңесхан* 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: ansa.shalkarkyzy@gmail.com

МИФО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ БЕЙНЕЛЕР МЕН САРЫНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Мақала мифо-фольклорлық бейнелер мен мотивтердің табиғатын ғылыми талдауға, сондай-ақ олардың қазіргі әдеби ертегі жанрындағы өзгеру процестерін зерттеуге арналған. Зерттеу нысаны – фольклорлық ертегінің жанрлық-поэтикалық құрылымы, оның көркемдік функциялары және авторлық интерпретациядағы бейнелеу әдістері. Фольклорлық дәстүрдің негізгі ерекшеліктері – фантастика, ғажайып көмекшілер феномені, тұрақты мотивтер жүйесі, бейнелердің функционалдық ерекшелігі, себеп-салдарлық шарттылықтар және бірегей хронотопиялық модель басты назарда. Әдеби ертегідегі осы элементтердің барлығы жеке авторлық нарративтік стратегияларын өзгерту және синтездеу арқылы жаңа мазмұнға ие болады. Мұндай синтез архетиптік бейнелер мен мотивтерде де, қазіргі оқырманды қабылдауда да көрінетін ұжымдық сана құрылымдарының өзектілігіне ықпал етеді. Сонымен қатар мақалада жас фокус-топтарына сәйкес ертегілерді типологиялық жіктеу мәселесі қарастырылады және олардың балалар мен ересектер аудиториясына бағытталған прагматикалық бағыты анықталады. Зерттеу материалы ретінде Д. Ахметұлының «Сайын хан», «Хан ұлдары», «Текті ұры», «Мұрагер», «Әкеден қалған мұра» атты шығармалары пайдаланылды. Зерттеу әдіснамасы ғылыми дәстүрдің сабақтастығына негізделіп, әдеби талдаудың дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдерін қамтиды: контент-талдау, салыстырмалы-типологиялық әдіс, мифопоэтикалық талдау және психоаналитикалық интерпретация.

Зерттеу нәтижесінде мифо-фольклорлық бейнелер мен мотивтердің қазіргі әдеби ертегіде тек дәстүрлі құрылым элементтері ретінде ғана емес, сонымен бірге авторлық дүниетаным, жанрлық трансформация және оқырмандық қабылдау ерекшеліктерімен сабақтаса жаңаша мән түзетін көркемдік тетік ретінде қызмет ететіні анықталды.

Түйін сөздер: миф, ертегі, архетип, бейне, әдеби ертегі, хронотоп, бейсана.

E.T. Zhanyzbekova, A.Sh. Kengeskhan*

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: ansa.shalkarkyzy@gmail.com

Mytho-Folkloric Images and Motifs: their Transformation in Modern Literary Fairy Tales

The article is devoted to the scientific analysis of the nature of mytho-folklore images and motifs, as well as the study of their transformation processes in the genre of modern literary fairy tales. The object of the research is the genre-poetic structure of a folklore tale, its artistic functions and ways of representation in the author's interpretations. The focus is on the key features of the folklore tradition – fantasticism, the phenomenon of miraculous helpers, a system of stable motives, the functional specificity of images, cause-and-effect conditionality and a unique chronotopic model. All these elements in a literary fairy tale receive new content, being transformed and synthesized with individual author's narrative strategies. Such a synthesis contributes to the actualization of the structures of collective consciousness, manifested both in archetypal images and motifs, and in the perception of the modern reader. In addition, the article highlights the problem of typological classification of fairy tales according to age focus groups and defines their pragmatic orientation, aimed at both children and adults. The research material includes D. Akhmetuly's works "Сайын хан", "Хан ұлдары" (The Khan's sons), "Текті ұры" (The Noble Thief), "Мұрагер" (The Heir), and "Әкеден қалған мұра" (The Father's bequest). The research methodology is grounded in the continuity of scholarly tradition and encompasses both traditional and innovative approaches to literary analysis, such as content analysis, comparative-typological method, mythopoetic analysis, and psychoanalytic interpretation.

The study found that mytho-folkloric images and motifs in the modern literary fairy tale function not only as traditional structural elements, but also as an artistic mechanism that generates new mean-

ing in connection with the author's worldview, genre transformation, and the specific features of reader reception.

Keywords: myth, fairy tale, archetype, image, literary fairy tale, chronotope, unconscious.

Э.Т. Жанысбекова, А.Ш. Кеңесхан*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: ansa.shalkarkyzy@gmail.com

Мифо-фольклорные образы и мотивы и их трансформация в современных литературных сказках

Статья посвящена научному анализу природы мифо-фольклорных образов и мотивов, а также исследованию процессов их трансформации в жанре современной литературной сказки. Объектом исследования является жанрово-поэтическая структура фольклорной сказки, её художественные функции и способы репрезентации в авторских интерпретациях. В центре внимания находятся ключевые особенности фольклорной традиции – фантастичность, феномен чудесных помощников, система устойчивых мотивов, функциональная специфика образов, причинно-следственная обусловленность и уникальная хронотопическая модель. Все эти элементы в литературной сказке получают новое содержание, трансформируясь и синтезируясь с индивидуальными авторскими нарративными стратегиями. Подобный синтез способствует актуализации структур коллективного сознания, проявляющихся как в архетипических образах и мотивах, так и в восприятии современного читателя. Кроме того, в статье освещается проблема типологической классификации сказок в соответствии с возрастными фокус-группами и определяется их прагматическая направленность, ориентированная как на детскую, так и на взрослую аудиторию. В качестве исследовательского материала использованы произведения Д. Ахметулы «Сайын хан», «Хан ұлдары», «Текті ұры», «Мұрагер», «Әкеден қалған мұра». Методология исследования основывается на преемственности научной традиции и включает как традиционные, так и инновационные приёмы литературного анализа: контент-анализ, сравнительно-типологический метод, мифопоэтический анализ и психоаналитическую интерпретацию.

В результате исследования установлено, что мифо-фольклорные образы и мотивы в современной литературной сказке функционируют не только как традиционные структурные элементы, но и как художественный механизм, формирующий новое значение в связи с авторским мировоззрением, жанровой трансформацией и особенностями читательского восприятия.

Ключевые слова: миф, сказка, архетип, образ, литературная сказка, хронотоп, бессознательное.

Кіріспе

Қазақ халқының ауыз әдебиеті ұлттық дүниетанымының қалыптасуына негіз болып, рухани мәдениеттің тарихи даму үдерістерін, сондай-ақ қоршаған болмысты қабылдау ерекшеліктерін қамтиды. Халықтың сан ғасырлық рухани тәжірибесі мен мәдени құндылықтары ұлттық фольклорда тұнып, көркемдік әрі танымдық жүйе ретінде орныққан. Фольклор архаикалық сана мен мифологиялық ойлаудың синтезін танытып, мәдени-әлеуметтік болмыстың барша қырын бойына жинақтаған. Қазақ халқының дүниетанымы анимизм, тотемизм, зороастризм, буддизм, тәңіршілдік, көшпелі өркениетке тән діни-философиялық сенімдер, сондай-ақ дәстүрлі наным-сенімдер мен қоғамдық жүріс-тұрыс нормалары арқылы қалыптасты.

Адамзат өркениетінің ұлы жетістіктерінің бірі – Ұлы Жібек жолы – қазақ тарихының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Қоршаған ортаны рухани тұрғыда тану үдерісі түркі

өркениетінің мәдени ықпалымен жана мазмұнға ие болды. Бұл тұрғыдан алғанда, ғылымда «көне түркі жазуы» деген атаумен белгілі жазба ескерткіштер – түркілік жазба әдебиеттің бастау қайнары саналады. Ең алғашқы әдеби үлгілер VIII ғасырға тиесілі. Кейін бұл дәстүр жыршы-жыраулар, ақындар мен сал-серілер шығармашылығында жалғасын тауып, жыр, толғау, дастан секілді жанрларда дамыды. Рухани мәдениет мифологиялық-фольклорлық бейнелер мен мотивтердің тасымалдаушысы ретінде көркем мәтіннің мазмұнын тереңдетіп, көркемдік қуатын арттырды. Осыған байланысты халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтары мен әлеуметтік-этикалық нормаларын жадта сақтап, ұрпаққа жеткізуде фольклордың рөлі айрықша.

Миф – ғаламдық мағынаны жинақтайтын әмбебап категория болса, ертегі – этностың жинақталған тұрмыстық әрі мәдени тәжірибесін бейнелейтін нарративтік форма. Сакралды мазмұн мен семиотикалық кодтарға ие мифологиялық

бейнелер уақыт өте келе фольклорлық жанрдың құрамына еніп, трансформацияға ұшырады. Осы негізде ертегіні миф пен халықтық наным-сенімдердің синтезінен туған баяндау формасы ретінде қарастыруға болады. Миф өзінің сакралды-ғаламдық семантикасын жойып, әлеуметтік-тұрмыстық сипатқа мән беретін ертегілік баяндауға айналды.

Әдеби ертегі – ұжымдық бейсананы бейнелейтін миф пен фольклормен тығыз байланысты жанрлық түр. Бұл жанрдың ерекшелігі – бейнелер мен мотивтердің десакрализацияға ұшырауында. Өйткені ертегі халық тәжірибесін, тұрмыстық мінез-құлық үлгілерін бейнелейді, сондықтан оның кейіпкерлері мифтегідей құдайлық күшке ие емес. Белгілі бір сынақтардан өту барысында кейіпкерлердің табысы ғажайып пен сиқырлы жәрдемшілердің көмегіне сүйенеді, алайда ол қолдау олардың шынайылығы мен ізгі ниетінің арқасында ғана беріледі. Сейткалиева (2008) атап өткендей, оның әдеби ертегіні зерттеуге арналған еңбектерінде бұл жанр дәстүрлі халық ертегісінен бастау алып, онда алғаш көрініс тапқан адамгершілік мұраттар мен құндылықтарды мұра еткенін айқындайды.

Қазақ және әлемдік фольклорлық дәстүрде қалыптасқан бірқатар бейнелер, мотивтер мен сюжеттер әдеби ертегіні байытпай қоймады. Әдеби ертегі этностың дәстүрлі заңдылықтарын бойына сіңіріп, өзіндік құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерімен сипатталады. Авторлық идея этнос санасында орныққан әрі ерекше мәдени семантикаға ие архетиптік бейнелер арқылы жүзеге асады. Психологиялық сөздікте көрсетілгендей, архетип – аналитикалық психологиядағы іргелі ұғым. Бұл термин ұрпақтан ұрпаққа берілетін алғашқы бейнені білдіреді. Ол ұжымдық бейсананың құрамында жасырын тұрған, ойлау жүйесінің құрылымдық компоненті болып табылады (Jung, 2020). Алғашқы бейнелер тұлғаның қалыптасуына ықпал етіп, шығармашылық іс-әрекет барысында көрініс табады (Петровский & Ярошевский, 1990). Қазақ және дүниежүзілік фольклортану дәстүрінде Жалмауыз кемпір, әке мен үш ұл, дана әйел, бай мен кедей, хан мен уәзір, қасқыр, түлкі және қоян секілді фольклорлық бейнелер мен мотивтер кеңінен таралған. Аталған кейіпкерлер қазіргі әдеби ертегіде де өздерінің бастапқы қызметтері мен семантикалық жүктемесін сақтап қалған. Фольклор мен әдебиеттің өзара әрекеттесуінің төрт түрі айқындалады: 1) генетикалық, 2) оппозициялық, 3) гармониялық, 4) кері байланыс (Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті, 2011).

Әрбір байланыс түрі әдебиеттің жалпы эволюциялық даму кезеңдеріне сәйкес келеді. Әдебиеттің қалыптасуы мен дамуына қарай жаңа әдеби байланыстар түзіледі. Әдебиет біртіндеп дербес сала ретінде айқындалып, фольклор шеңберінен шыға бастайды. Бұл кезең оппозициялық байланыстың сипатын көрсетеді, алайда әдебиет фольклорлық сюжеттер мен жанрларды өз шығармашылығында қолдануын жалғастырады. Кейінгі даму сатысында әдебиет көпжанрлы, көркем-эстетикалық сипатқа ие бола отырып, фольклорға қайта оралады, бірақ сапалық тұрғыдан жаңа деңгейде. Мұнда фольклорлық элементтер символдық мәнге ие болып, әдеби тәсіл ретінде, яғни аллюзия, сананың ағымы, бейсаналық деңгейде әсер ету құралы ретінде қолданылады. Мұндай байланыс түрі толықтырушы, гармониялық сипатқа ие. Соңғы байланыс түрі авторлық, жеке интенцияға негізделеді, соның ішінде әдеби ертегіні де осы санатқа жатқызуға болады.

Кеңестік және посткеңестік дәуірде, тіпті қазіргі кезеңде де ертегі тек балалар аудиториясына арналған, мазмұны қарапайым, примитивті сипатқа ие деген көзқарас қалыптасқан. Дегенмен, қазіргі қазақстандық авторлар қоғам санасында қате орныққан бұл пайымдауларды өзгертуде. Кей кездері ертегінің мазмұнын терең түсіну үшін ересек оқырманға да арнайы дайындық қажет болады. Осы орайда ертегі авторлары шартты түрде екі үлкен топқа бөлінеді: «балалар ертегілерін» жазушылар және «ересектерге арналған ертегілерді» жазушылар. Бұл екі ұғымды ажыратып қарастыру маңызды. Жанрлық ерекшеліктері неде? Олардың айрықша белгілері қандай? Біздің пікірімізше, басты айырмашылық туындының мағыналық және психологиялық жүктемесінде. Балаларға арналған ертегі авторлары шығарманы қарапайым әрі түсінікті етуге, тәрбиелік мазмұн беруге ұмтылады. Бұл жағдайда бейнелер нақты сипатталып, ассоциативтік байланыстарға орын қалдырмайды. Ертегідегі психологиялық қырдың мәні – баланың есею және әлеуметтік қатынастарға қадам басу кезеңінде қоғаммен байланысын ертегі арқылы құра алуында. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін үлгі ете отырып, бала өзінің мінез-құлық моделін қалыптастырады. Балаларға арналған ертегі психологиялық деңгейде өзін қабылдауға және өзінің іс-әрекеттерін қоғам аясында проекциялауға үйретеді. Осы тұрғыдан алғанда, ертегінің балалардың толыққанды психологиялық дамуына қосатын үлесі айрықша маңызды. Ал ересектерге арналған ертегілердің авторлары

интеллектуалдық сипаттағы міндеттерді қамтып, оқиғаның «спиральды шиеленісу» тәсілдерін қолданады, реминисценцияларды, фэнтези, миф пен притча элементтерін енгізеді. Бұл жағдайда терең архетиптік жүктемесі бар бейнелер қолданылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдеби ертегі жанрындағы мифтік-фольклорлық бейнелер мен мотивтерді талдауға арналған. Жүргізілген талдау әдеби ертегінің құрылымдық ерекшелігі арқылы авторлық ойлау жүйесін айқындайды. Авторлық идея этнос санасында орныққан әрі ерекше мәдени семантикаға ие архетиптік бейнелер арқылы жүзеге асады. Сондықтан туындының композициялық құрылымын айқындайтын осындай мағыналық категориялардың мәнін ашу аса маңызды.

Зерттеу барысында автордың, кейіпкердің және оқырманның санасы мен бейсанасын талдауға бағытталған психоаналитикалық және когнитивтік әдебиеттану әдістері қолданылды. Постфрейдистік мәтіндік талдау әдісі мәтіннің жасырын сипаттарын, соның ішінде архетиптік құрылымдарында көрініс тапқан автордың ұжымдық және жеке бейсанасының, сондай-ақ оның оқырман аудиториясының ықпалын айқындауға мүмкіндік береді. Когнитивтік әдебиеттану әдісі автор мен оқырман ойлау жүйесінің ерекшеліктері мен олардың мәтіннің формалды сипаттарында (бейне-қаһармандар жүйесінде, сюжеттік элементтерінде және т.б.) көрініс табуы арасындағы корреляцияны анықтауды көздейді. Зерттеу материалы ретінде Д. Ахметұлының «Сайын хан», «Хан ұлдары», «Мұрагер», «Әкеден қалған мұра» атты әдеби ертегілері алынды.

Әдебиеттерге шолу

Ертегі жанрының әмбебаптығын атап өткен Овчинникова (2001), әдеби ертегі жанрының авторлар арасында сұранысқа ие болуын оның аңыздарды, притчаларды, мифологиялық және фольклорлық элементтерді еркін енгізу мүмкіндігімен түсіндіреді. Зерттеуші сонымен қатар жаңа толқын өкілдері тек отандық қана емес, әлемдік әдеби мұра тәжірибесін де кеңінен пайдаланатынын атап көрсетеді. Қазіргі кезеңде ертегілік проза өзіндік қайта өрлеу сатысын бастан кешіруде. Мұның айқын дәлелі ретінде балалар мен ересектерге бірдей бағытталған шығармаларды атауға болады. Атап айтқанда,

Ольга Марктың «Страшные сказки на ночь» (ересектерге арналған, постмодернизм), Михаил Пактың «Лев», «Кот Захарка» (балаларға арналған, реалистік поэтика, романтикалық эстетика), Дария Жұмагелдинованың «Стихи и сказки» (балаларға арналған поэтикалық мәтіндер, ертегілік элементтер, мистикалық реализм), Нұрсұлу Шаймерденованың «Принцесса цветов», «Сказка о прекрасных птицах фламинго», «Первое путешествие Глоссика» (реалистік поэтика, позитивизм) және басқа да көптеген туындыларды атауға болады.

Постмодернистік ертегідегі баяндау полифониялық сипатқа ие болып, автор аллюзия мен интертекстуалдылық тәсілдерін кеңінен қолданады. Ертегілік баяндау мифтік дәстүрлерді сақтай отырып, әдеби ертегі құрылымына фэнтези жанры инкорпорациялады (Хартунг, 2016; Zipes, 1994; Vacchilega, 1997). Ковтун (1999) атап өткендей, қиял-ғажайып ертегілік бейнелер ғасырлар бойы жинақталған ұрпақтық тәжірибені қамтып қана қоймай, барынша универсалдылық деңгейіне жеткізеді. Сонымен қатар әрбір ұрпақ бұл бейнелерге өз дәуірінің шындығы мен қиялын енгізіп отырған. Аталған элементтердің синтезі авторлық дүниетанымның, жаңа мифтің және дербес авторлық ертегінің қалыптасуына ықпал етті. Авторлар алғашқы бейнелерді пайдалана отырып, мәдениет пен тарихтағы қалыптасқан олқылықтардың орнын толтырады. Шығармашылық үдерісте қолданылатын бейсаналық архетиптік бейнелер мәтіннің бірлігі мен ішкі гармониясына негіз болады.

Жалпы алғанда, ертегіні жас ерекшеліктеріне сәйкес жіктеу мәселесі ғылыми тұрғыда тек соңғы кезеңдерде ғана жүйеленді. Зерттеушілердің пайымдауынша, ертегілер салыстырмалы түрде жақында ғана балалар әдебиетінің дербес тармағына енгізілді, ал алғашқыда олар ересек аудиторияға арналған нарративтік үлгі болған (Кулашкина, 2016; Zipes, 2007; Beveridge, 2014; Franz, M.-L. von. 2017). Shavit (1980) концепциясына сәйкес, балалар ертегісі дәстүрлі жүйелік модельді иеленсе, ересектерге арналған ертегі дәстүрлі емес құрылымдық жүйеге негізделеді және күрделі нарративтік элементтерді қамтуы мүмкін. Олардың қатарына: имитация, жана поэтикалық компоненттердің енгізілуі, экспозицияның трансформациясы, құрылымдық элементтердің қызметі мен реттілігінің өзгеруі, мәтін мен хронотоптың аморфты сипаты жатады. Шевцованың (2004) жіктелмесінде балалар мен ересектерге бірдей бағытталған әдеби ертегінің үш негізгі ішкі типі анықталған:

1. Танымдық – балалар аудиториясына көбірек бағдарланған, білімдік-танымдық мазмұндағы ертегілер;

2. Моральді – балалар мен ересектерге қатар бағытталған, дидактикалық функциясы басым нарративтер;

3. Философиялық – идеялық-эстетикалық жүктемесі басым, мазмұндық тұрғыдан ересектерге бағытталған ертегілер. Осылайша, ересектерге арналған ертегіні балаларға арналған ертегіден айқындайтын негізгі критерий – шығарманың мағыналық қанықтылығы болып табылады. Лурье (2003) пікірінше, ересектер ертегісінің құрылымында әдеби реминисценциялар, тарихи және биографиялық ассоциациялар, аллюзиялар қолданылады. Ал балаларға арналған ертегі мұндай элементтерден ада, мұнда автордың идеясы айқын, астарлы мәнсіз ұсынылады. Мұндай туындылардың мысалы ретінде А. Алтайдың «Кентавр» шығармасын, А. Байбол мен Л. Петрушевскаяның, Л. Калаустың постмодернистік поэтикада жазылған еңбектерін атауға болады. Бұл тұрғыдан алғанда, постмодернистік ертегі мәселесін арнайы зерттеген Хартунгтың (2016) көзқарасы назар аударарлық. Ғалымның пайымдауынша, мәтіндік құрылымы полифониялық сипаттағы постмодернистік ертегі авторға жас және жеке қабылдау тұрғысынан шектеусіз кең ауқымды оқырман аудиториясын қамтуға мүмкіндік береді. Мұндай ертегілерде ойын-сауықтық сипат пен өмірлік тәжірибені үйлестіру жүзеге асады.

Францтің (2017) пайымдауынша, архетиптік бейне тек ойлау үлгісін ғана емес, сонымен қатар эмоциялық жүктемені де қамтиды. Эмоционалдылық архетиптік бейнеге терең сезімталдық пен саналық айқындық береді. Ал сезімдік мазмұннан ада мол бейнелер ертегілік сюжетті мағыналық негізден айырады.

Қазақ әдебиеттануында ересектерге арналған әдеби ертегіні Шарабасов (2001) арнайы қарастырған. Оның пікірінше, ертегі әңгіме, өлең, аңыз секілді әдеби жанрларда дамып, кейіннен ересектерге арналған ертегіге айналған. Бұл үдеріс өз кезегінде әдеби ертегінің әрі қарай дамуына негіз қалады. Ғалым ересектер ертегісінің құрамына Ф. Мүсірепов, Т. Әлімқұлов, О. Бөкей, С. Санбаев, Т. Әбдік және басқа да қаламгерлердің шығармаларын енгізеді. Жанрлық сипаттамаларға сүйене отырып, бұл тізімді постмодернистік туындылармен толықтыруға болады. Олардың қатарына А. Алтайдың «Кентавр», Р. Сейсенбаевтың «Мертвые бродят в песках», Т. Нұрмағамбетовтың «Тотықұс», А. Байболдың

«Ормандағы жиын», «Айдаһар, аю һәм барыс» және басқа да шығармалары жатады.

Пропп (2021) еңбектерінің өзектілігін жоғалтпағанын атап өткен жөн. Ғалымның пайымдауынша, ертегінің түпнұсқалық сипаты оның композициялық элементтерін кеңінен қолдануында көрінеді. Сондай-ақ Соколовтың (2007) фольклор заманауи әдеби бағыттың өзегін құрайды деген тұжырымымен келісуге болады.

Нәтижелер мен талқылау

Ғылым мен техниканың дамуына байланысты авторлық интенциялар да айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Қазіргі әдеби ертегідегі бейнелер, мотивтер мен сюжеттер күрделеніп, жетілдіріле түсті. Бұл тұрғыда автор кейіпкерді заманауи шындықпен үйлесетін ауқымды сынақтарға жетелейді. Қазіргі әдеби ертегі кейіпкері ғаламдық топан суға, табиғи катаклизмдерге, адам бойындағы түрлі кемшіліктерге қарсы қойылады.

Ертегі әрбір адамның өмірінде өзіндік бағдаршы, іс-әрекетке бағыттаушы рөлін атқарады. Ертегі желісі мен бейнелер жүйесі, қаһарманның рационалды ұстанымы, бейнелердің функциялары мен ассоциациялары қазіргі заман авторларына белгілі бір бейнені сапалы әрі барынша өнімді түрде қайта сомдауға қуатты мотивация береді. Бұл өнімділік ертегінің өзіндік ерекше құрылымынан көрініс табады. Аталған құрылымның өзегінде әрдайым қаһарманның қалыптасу процесі мен рухани эволюциясы орын алады. Осы тұрғыдан алғанда, заманауи ертегі жанры сторителлинг концепциясына жақын.

Инициация мотиві ертегі жанрында доминантты орынға ие болып, ертегілік форманың семантикасын айқындайды. Мәселен, «Тазша бала» ертегісінде кейіпкер бірқатар сынақтардан өтіп, нәтижесінде дүниетанымының жаңаруы мен әлем туралы жаңа білімге қол жеткізеді (Zhanysbekova & Saffronova, 2024). Ертегі желісі әртүрлі сынақ сатыларымен мольғады, атап айтқанда: 1) туу (қасиетті нышандары бар тылсым бейне немесе әлеуметтік тұрғыдан қорғансыз кейіпкер); 2) жетімдік; 3) сапарға шығу; 4) дәулермен арпалыс және төзімділік, ізгілік, сүйіспеншілік үшін марапатталу; 5) жарты патшалыққа ие болу. Қайта-қайта «өлімнен өтіп, қайта туу» тәжірибесін бастан кешкен қаһарман өз қауымының лайықты мүшесіне айналады. Кейіпкер әрбір деңгейден өте отырып, тәндік тұрғыда есейеді, оған сөйлейтін-сиқырлы көмекшілер (ізгі немесе зұлым, жануар немесе зат бейнелері)

жәрдем береді, бұл қаһарманның рухани кемелденуінің іргетасына айналады. Кейіпкердің ішкі рухани дамуы өз шыңына жеткенде аяқталып, оны сан алуан сый-сияпаттарға кенелтіп, әлеуметтік мәртебесін «терістен» «оңға» өзгертеді.

Әдеби ертегінің архетиптік мотивтеріне жол сапар, саяхат, ағаш (куыс), іздеу (әке, ана, қалыңдық, бауырлар), үйлену, сынақтан өту, дұға/сиқыр сөз, кездесу жатады. З. Фрейдтің пайымдауынша: «Архетиппен кез келген байланыс – ол бастан кешірілсе де, тек бейнеленсе де – жан дүниені қозғайды, демек, ол әрекет етеді; өйткені ол бізден анағұрлым қуатты дауысты босатады. Алғашқы бейнелер тілінде сөйлейтін адам мың дауыспен сөйлейді; ол өзі бейнелеген құбылысты ұғынып қана қоймай, оны ең жоғарғы, мәңгілік болмыс деңгейіне көтереді, жеке тағдырды бүкіл адамзаттың тағдыры дәрежесіне дейін асқақтатады» (Юнг, 1930).

Әдеби ертегі ұжымдық сананы (бейсаналықты) ескере отырып, қоғамның үміттері мен арман-тілектерін қамтиды және архетиптік бейнелер арқылы идеалды заманауи қоғамның визуалды моделін қалыптастырады. Дуалдық табиғатқа ие архетип тұлғаның үйлесімді дамуына, рухани кемелденуіне бағыттайтын «баспалдақ» ретінде қызмет ете алады немесе керісінше, тұлғаның күйреуіне, деструкциясына әкелуі мүмкін.

Ертегілік жанр, соның ішінде заманауи әдеби ертегі де, архетиптік «жетім» бейнесінің эволюциясы мен инициациясына негізделген. Ол халықтың жалпы дүниетанымына, мән-мағына мен үйлесімділікке ұмтылысына проекцияланып, жоғалған рухани-адамгершілік құндылықтарды қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Әртүрлі тарихи кезеңдердің тоғысында халықтың дүниетанымына тән терең, жоғары адамгершілік моральдық үлгілер өзектіленіп, әмбебап белгілер мен символдар жүйесін айқындайды. Бұл контексте негізгі протагонист – жетім бейнесімен қатар оған қарама-қарсы антагонист – қарақшы/қарақшылар бейнесі жүреді. Олар қарама-қарсы мән-мағыналарды білдіре отырып, ертегілік баяндаудағы «егіздік мотивін» айшықтайды. Ертегі құрылымында мифологиялық бинарлық қамтылған, яғни тұлғаның екі қарама-қарсы полюсін – жақсы/жаман, мейірімді/залым, түн/күн тәрізді дихотомияларды айқындап, бейнелейді. Мысалы, Д. Ахметұлының «Сайын хан» ертегісінде хан бейнесі өз уәзірлеріне қарсы қойылған: «Сіз өз ойыңызшы сонау ертеректе өткен хандардың бәрін шетінен жыртқыш, әбжылан деп ойлайсыз ба? Жоқ, әсте олай емес. Олардың ішінде де әділетті төбесіне ту етіп көтеріп, қара

қылды қақ жарған әділ де, айбындылары болған. Біз әңгіме еткелі отырған хан сондай мүбәрәк жүзді, аяулар, пәтуалы жан еді. <...> Уәзірлері өңшең бір арам асқа қолын малып, өңеші сасыған мардымсыз, миғұла жандар еді» (Ахметұлы, 2024, б. 198).

Жол және сынақ мотиві, яғни протагонистің әке тарапынан бастау алатын инициациялық миссиясы, келесі «Хан ұлдары» ертегісінде көрініс табады. Мұнда басты кейіпкер қарақшыларға қарсы қойылып, бинарлық қарама-қарсылық жаңа мазмұнға ие болады. Пропп (2021) тұжырымдамасы бойынша, аталған мотив инициациялық ғұрыппен тығыз байланысты. Сынақ мотиві мифологиялық дәстүрде орталық орындардың бірін иеленеді. Дәл осы кезеңде қаһарман өзінің күш-қуатын, даралығын және дүниеге келгенде өзіне тән болып берілген ерекшелігін толыққанды сезініп, саналы түрде қабылдайды. Кэмпбеллдің (1997) пайымдауынша, протагонист дәл осы сынақ барысында оған табиғаттан тыс өтпелі кезеңде жәрдем беретін қайырымды күштің бар екенін ұғынады. Мәселен, «Текті ұры» ертегісінде басты кейіпкердің өзгеше қабілеті – кез келген адамның дауысын, жүрісін және қимылын айнытпай қайталау өнері бейнеленген: «... біреудің дауысын, жүрісін, қимылын нақ өзіндей етіп келтіретін әдеті болушы еді. Дауысын да лезде өзгертіп, қимыл-қозғалысын да шұғыл ауыстыра қоятын» (Ахметұлы, 2024, б. 210). Бұл ерекше дарын оның үш бірдей сынақты сәтті өтуіне және ханның қызына үйленуіне негіз болды. Психопэтика мәселелерімен айналысатын Беляниннің (1996) пайымдауынша, жақсылық пен жамандықтың айқын бинарлық жіктелімі бар мұндай туындылар «қараңғы мәтіндер» қатарына жатады.

Фольклорлық ертегінің айрықша сипаты – әке өлімі, үш ұл, үш сынақ, үйлену, сиқырлы зат және тыйым салу секілді тоғыспалы мотивтердің кездесуі, әрі олардың әдеби ертегіде өз жалғасын табуы. Мысалы, «Мұрагер» ертегісінде ханның үш ұлы сынақтан өтеді: үлкендері тыйымды бұзып, сынақтан өте алмайды, ал кенже ұлы сынақтан сүрінбей өтіп, әкесінің мұрасын иеленеді. Бұл ертегіде Пропптың (2021) құрылымдық классификациясына сәйкес фольклорға тән «тыйымды бұзу» мотиві көрініс тапқан. Халықтық ертегілерде бұл мотив жиі кездеседі. Мәселен, орыс халық ертегілеріндегі «Сестрица Алёнушка и братец Иванушка», «Семеро козлят и волк» немесе қазақ халық ертегілеріндегі «Жақсы әйел жаман ерін түзетеді», «Ұр, тоқпақ, ұр!» сюжеттерінде қаһарман тыйымды бұзып,

қиын жағдайға тап болады, кейде өлілер әлеміне өтіп кетеді немесе жануарға айналады. Архетиптік тыйым мотиві көне антикалық мифологияда да ұшырасады. Мәселен, Медуза Горгонаның көзіне қарауға тыйым салынған: осы тыйымды бұзған адам тас мүсінге айналып, өлілер патшалығына өтеді. Табу ұғымы жоғары күштердің магиялық символизмін бойына сіңірген, ал оған бағыну немесе рұқсат алу – басқа күйге көшуге дайындықты меңзейтін (тасқа айналу, өлілер әлеміне өту және т.б.) рухани акт ретінде қарастырылады. Тыйымды бұзбау – ішкі күштер мен құмарлықтарды үйлестіру қабілеті, яғни рухани тепе-теңдікті сақтаудың шарты. Бұл тепе-теңдіктің бұзылуы адамды қайтарымсыз шекке алып келеді. Мұндай тепе-теңдіктің бұзылуы әдеби ертегіде де жиі кездеседі (Сафронова и др., 2025).

Айрықша назар аударатын жайт – сыннан өтуші ұлдардың Жалмауыз кемпір бейнесімен байланысты болуы. Үлкен ұлдар Жалмауыз кемпірдің қол астында жүріп, оның тапсырмаларын орындамайды және Пропп (2021) жіктемесі бойынша «қойма есігін ашпау» тыйымын бұзады. Ал кенже ұлы болса: «Үшінші ұл бұларға мүлдем өзге әрекет етеді. Ол кемпірдің айтқанының бәрін істейді. Атап айтқанда кемпірді шомылдырады, шашын тарап, шайын қайнатады. Бала кемпір сеніміне әбден кіреді. Бір күні алтын сауыт, күміс қалқан алып, шұбар тайды мініп жолға шығады. <...> жүріп отырып баяғы ескі қорғанға келеді. Бұл жолы қақпаны ашқан өлмелі кәрі кемпір емес, уылжыған жап-жас қыз еді. Ол баланың көңіліне жағып, жар болуға келіседі» (Ахметұлы, 2024, б. 244). Тағы бір «Әкеден қалған мұра» атты ертегіде өлер алдындағы әке өз мұрасын үш ұлына бөліп береді. Ол үлкеніне – бүкіл мал-мүлкін, ортаншысына – барлық дүниесін, ал кенжесіне – сиқырлы қасиетке ие сыбызғыны (ғажайып зат) мұраға қалдырады. Пропптың (2021) пайымдауынша, өлер алдындағы әкенің осылайша тапсырып кеткен мұндай заттары ғажайып күшке ие болып, олар өз бастауын өлілер әлемінен алады. «Ол қанша байыса да, қоңыр сыбызғысын қолынан тастамапты. Әкесінің де кезінде кедей болғанын, келе-келе бар дүниені осы қоңыр сыбызғының күдіретімен жиғанын, есіне алғанда, әке аруағына тіптен табына түсіпті. Ал, қоңыр сыбызғының қасиеті болса онан әрмен аспандай беріпті...» (Ахметұлы, 2024, б. 191). Кенже ұл үш ертегілік сыннан өтеді, олардың соңғысы – Жалмауыз кемпір. «Бұл үлкен орданың күзетшісі әрі ханның ақыл-

шысы, атақты жалмауыз кемпір еді. Ол хан қызының кәмшат бөркі мен алтын сырғасын күзетуші болатын» (Ахметұлы, 2024, б. 189). Мұның өзі жас неофитті болашақ некеге даярлаудың бір түрі болып табылады. Пропптың (2021) пайымдауынша, мұндай жағдайлар ертегілерде жиі кездеседі: қаһарман Жалмауыз кемпірдің қызметінде жүріп, белгілі бір сый-құрметке қол жеткізеді. Ғалымның пікірінше, мұндай элемент ертегі құрылымында өмірлік реалийлердің ықпалымен эволюциялық сипат алған (Пропп, 2021).

Қорытынды

Мифо-ертегілік форманың айрықша ерекшелігі – оның архетиптік ойлау жүйесімен үндестігі, ол есімдердің ерекше символикасында, интертекст пен реминисценциялардың болуында көрініс табады. Архетиптік бейнелер мен мотивтерді қолдана отырып, автор архетиптік тарихты қалыптастырады. Инициация бейнесі – барша адамзат дәуірінде өзекті, архетиптік сипаттағы құбылыс, ол К.Г. Юнг іліміндегі қаһарман/тұлғаның индивидуализация процесімен сабақтас, яғни үдерістің әрі қарайғы дамуына, жаңа күйге өтуіне бағытталған. Табиғаттағы барлық құбылыстар бір күйден екінші күйге өтуге, метафоралық деңгейде циклдің ауысуына бағдарланған. Сол себепті де әдеби ертегінің құрылымы трансценденцияға негізделген. «Үлгілі» қаһарман өзге әлемге өтіп, сарандық пен құмарлыққа қатысты бірқатар сынақтардан өтеді және ол жерде оған кейінгі қиындықтарды еңсеруге көмектесетін серіктер жолығады. Мұндай мотив барлық әлемдік діндерде кездеседі: пайғамбар мәртебесіне тек өзін-өзі құрбандыққа шалуға дайын адам ғана жете алған. Дәл осы қасиет арқылы ол құпия білімге, рухани негіздің іргетасына қол жеткізген. Ертегідегі қаһарманның сынақтары оны шындап, әлеуметтік тұрғыдан жаңа деңгейге көтереді. Қарапайым жігіт патшаға немесе құтқарушы-қаһарманға айналып, қыз бала ханшайым кейпіне енетін. Ертегі өз дамуында дүниежүзілік діндердің қалыптасу жолын қайталайды: сенімсіздік, хаос, күрес сатыларынан өтіп, қоғамдық игілік деңгейіне жетеді. Мұнда жасырынған мән-мағына мен сенім символы бар, ол жеке тұлғаның да, тұтас қоғамның да жоғары рухани дамуына қажетті шарт болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, мифтер мен ертегілер ежелгі замандардан, бастау көздерінен келе жатқан архетиптік бейнелер мен мотивтердің қайнары саналады.

Әрбір бейне өзінің атында және функционалдық сипаттарында аллегориялық мағына жүктейді. Қазақ авторларының шығармашылығында, бір жағынан, фольклор мен мифология арасындағы типологиялық-генетикалық байланыстар айқын көрінсе, екінші жағынан, ұлттық-мәдени бірегейлік мәселелері көтеріледі. Сонымен қатар, XX–XXI ғасыр тоғысында қазақстандық көркем проза мен фольклор арасындағы байланыс күшейе түскенімен, бұл сала әлі де аз зерттелген. Әдеби ертегілік прозаның сұранысқа ие болуы ұлттық мінездің, тілдің, әдебиеттің және мәдени ерекшеліктердің табиғатын ұғынуға деген ұмтылыспен астасып жатыр.

Мақала авторларының үлесі

Э.Т. Жанысбекова зерттеу идеясын ұсынды, әдістемелік негізін жасады, материалдарды жинады және мәтіннің бастапқы нұсқасын дайындады; А.Ш. Кеңесхан әдебиеттерге шолу жасап, нәтижелерді өңдеуге, қорытындыларды нақтылауға және мақаланы редакциялауға үлес қосты.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер

- Bacchilega, C. (1997). *Postmodern fairy tales: Gender and narrative strategies*. University of Pennsylvania Press.
- Beveridge, J. (2014). *Children into swans: Fairy tales and the pagan imagination*. McGill-Queen's University Press.
- Franz, M.-L. von. (2017). *Shadow and evil in fairy tales*. Shambhala Publications.
- Franz, M.-L. von. (2017). *The interpretation of fairy tales*. Shambhala Publications.
- Jung, C. G. (2020). *Modern man in search of a soul*. Routledge.
- Shavit, Z. (1980). The ambivalent status of text: The case of children's literature. *Poetics Today*, 1(1), 75–86.
- Zipes, J. (1994). *Breaking the Disney spell: Fairy tales as myth, myth as fairy tale*. University Press of Kentucky.
- Zipes, J. (2007). *When dreams came true: Classical fairy tales and their tradition*. Routledge.
- Zhanyzbekova, E., & Safronova, L. (2024). Archetypal images of a literary fairy tale. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 196(4), 168–177. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v196.i4.ph15>
- Ахметұлы, Д. (2024). *Таң арайы: Хикаяттар, әңгімелер, ертегілер*. Дәуір.
- Белянин, В. П. (1996). *Введение в психиатрическое литературоведение*. Москва.
- Ковтун, Е. Н. (1999). *Поэтика необычайного: Художественные миры фантастики, волшебной сказки, утопии, притчи и мифа (на материале европейской литературы первой половины XX века)*. Издательство МГУ.
- Кулашкина, Р. А. (2016). К вопросу о жанровых особенностях сказки для взрослых. *Ученые записки Орловского государственного университета*, (4), 162–167.
- Кэмпбелл, Дж. (1997). *Тысячеликий герой*. АСТ.
- Лурье, М. Л. (2003). Товарищ Папава и великан Блюминг: К вопросу о «взрослом тексте» детской литературы. В *Детский сборник: Статьи по детской литературе и антропологии детства* (с. 329). Москва.
- Овчинникова, Л. В. (2001). *Русская литературная сказка XX века: История, классификация, поэтика* (докторская диссертация). Москва.
- Петровский, А. В., & Ярошевский, М. Г. (ред.). (1990). *Психология: Словарь* (2-е изд., испр. и доп.). Политиздат.
- Пропп, В. Я. (2021). *Морфология волшебной сказки. Исторические корни волшебной сказки*. КоЛибри; Азбука-Аттикус.
- Сафронова, Л. В., Жанысбекова, Э. Т., & Рысальдиев, Ж. М. (2025). Мифопоэтика перехода в женской прозе Казахстана (на материале произведений Лили Калаус). *Журнал Сибирского федерального университета. Гуманитарные науки*, 18(1), 56–69.
- Сейткалиева, Г. Х. (2008). *Литературная сказка Е. Л. Шварца в аспекте сказочности и реализма* (кандидатская диссертация). Алматы.
- Соколов, Ю. М. (2007). *Русский фольклор* (3-е изд.; В. П. Аникин, отв. ред.). Издательство Московского университета.
- Хартунг, В. Ю. (2016). Англиязычная постмодернистская литературная сказка как пример «открытого» текста (на материале сказки Н. Геймана «Коралина»). *Филологические науки. Вопросы теории и практики*, (9), 46–49.
- Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті*. (2011). Арда.
- Юнг, К. Г. (1930). *Проблемы души нашего времени*. Питер.
- Шарабасов, С. (2001). Сказка, рассказ и литературная сказка. *Изденіс*, (6), 42–45.
- Шевцова, А. А. (2004). *Метафоризация как средство смыслообразования в тексте литературной сказки* (кандидатская диссертация). Тверь.

References

- Akhmetuly, D. (2024). *Tan araiy* [Early morning: Stories, narratives, fairy tales]. Daur. (In Kazakh)
- Bacchilega, C. (1997). *Postmodern fairy tales: Gender and narrative strategies*. University of Pennsylvania Press.

- Belyanin, V. (1996). *Vvedenie v psikiatricheskoe literaturovedenie* [Introduction to psychiatric literary studies]. Moscow, Russia. (In Russian)
- Beveridge, J. (2014). *Children into swans: Fairy tales and the pagan imagination*. McGill-Queen's University Press.
- Campbell, J. (1997). *The hero with a thousand faces [Tsyachelikii geroi]*. AST. (In Russian)
- Folklore and modern Kazakh literature*. (2011). Arda. (In Kazakh)
- Franz, M.-L. von. (2017). *Shadow and evil in fairy tales*. Shambhala Publications.
- Franz, M.-L. von. (2017). *The interpretation of fairy tales*. Shambhala Publications.
- Hartung, V. Yu. (2016). *Angloyazychnaya postmodernistskaya literaturnaya skazka kak primer "otkrytogo" teksta (na materiale skazki N. Geimana "Koralina")* [English-language postmodernist literary fairy tale as an example of an "open" text (based on Neil Gaiman's "Coraline")]. *Philological Sciences. Questions of Theory and Practice*, (9), 46–49. (In Russian)
- Jung, C. G. (1930). *Problemy dushi nashego vremeni* [Problems of the soul of our time]. Peter. (In Russian)
- Jung, C. G. (2020). *Modern man in search of a soul*. Routledge.
- Kovtun, E. (1999). *Poetics of the extraordinary: Artistic worlds of fantasy, fairy tale, utopia, parable, and myth [Poetika neobychnogo]*. Moscow State University Press. (In Russian)
- Kulashkina, R. A. (2016). *K voprosu o zhanrovyykh osobennostyakh skazki dlya vzroslykh* [On the genre features of a fairy tale for adults]. *Scientific Notes of Orel State University*, (4), 162–167. (In Russian)
- Lurie, M. L. (2003). *Tovarishch Papava i velikan Bliuming: K voprosu o "vzrosлом tekste" detskoj literatury* [Comrade Papava and the giant Bloming: On the "adult text" of children's literature]. In *Children's collection: Articles on children's literature and anthropology of childhood* (p. 329). Moscow, Russia. (In Russian)
- Ovchinnikova, L. V. (2001). *Russkaya literaturnaya skazka XX veka (istoriya, klassifikatsiya, poetika)* [Russian literary fairy tale of the twentieth century: History, classification, poetics] (Doctoral dissertation). Moscow, Russia. (In Russian)
- Petrovsky, A. V., & Yaroshevsky, M. G. (Eds.). (1990). *Psychology: Dictionary* (2nd ed.). Politizdat. (In Russian)
- Propp, V. Ya. (2021). *Morfologiya volshebnoi skazki; Istoricheskie korni volshebnoi skazki* [Morphology of the fairy tale; Historical roots of the fairy tale]. KoLibri; Azbuka-Attikus. (In Russian)
- Safronova, L. V., Zhanyzbekova, E. T., & Rysaldiev, Zh. M. (2025). *Mifopoetika perekhoda v zhenskoi proze Kazakhstana (na materiale proizvedenii Lili Kalas)* [Mythopoetics of transition in women's prose of Kazakhstan]. *Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences*, 18(1), 56–69. (In Russian)
- Seitkaliyeva, G. Kh. (2008). *Literaturnaya skazka E. L. Shvartsa v aspekte skazochnosti i realizma* [Literary fairy tale by E. L. Schwartz in the aspect of fairy-tale and realism] (Candidate dissertation). Almaty, Kazakhstan. (In Russian)
- Sharbasov, S. (2001). *Skazka, rasskaz i literaturnaya skazka* [Fairy tale, short story, and literary fairy tale]. *Izdenis*, (6), 42–45. (In Russian)
- Shavit, Z. (1980). The ambivalent status of text: The case of children's literature. *Poetics Today*, 1(1), 75–86.
- Shevtsova, A. A. (2004). *Metaforizatsiya kak sredstvo smysloobrazovaniya v tekste literaturnoi skazki* [Metaphorization as a means of meaning formation in the text of a literary fairy tale] (Candidate dissertation). Tver, Russia. (In Russian)
- Sokolov, Yu. M. (2007). *Russkii fol'klor* [Russian folklore] (3rd ed.; V. P. Anikin, Ed.). Moscow University Press. (In Russian)
- Zhanyzbekova, E. T., & Safronova, L. V. (2024). Archetypal images of a literary fairy tale. *Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Philological Series*, 196(4), 168–177. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v196.i4.ph15>
- Zipes, J. (1994). *Breaking the Disney spell: Fairy tales as myth—Myth as fairy tale*. University Press of Kentucky.
- Zipes, J. (2007). *When dreams came true: Classical fairy tales and their tradition*. Routledge.

Авторлар туралы мәлімет:

Жанысбекова Эльмира Тулегеновна – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: ezhanysbekova010@gmail.com).

Кеңесхан Аңса Шалқарқызы (корреспондент автор) – PhD-докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: ansa.shalkarkyzy@gmail.com).

Information about the authors:

Elmira Zhanyzbekova – PhD, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: ezhanysbekova010@gmail.com).

Angsa Kenges Khan Shalkarkyzy (Corresponding author) – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: ansa.shalkarkyzy@gmail.com).

Сведения об авторах:

Жанысбекова Эльмира Тулегеновна – PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: ezhanysbekova010@gmail.com).

Кеңесхан Аңса Шалқарқызы (автор-корреспондент) – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: ansa.shalkarkyzy@gmail.com).

Келін түсті: 13 ақпан 2026 жыл
Қабылданды: 20 наурыз 2026 жыл